

Р.Ә. Мусаев¹ , Ж.А. Жумашова² 

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: rinat.2109@mail.ru

²«Тұран» университеті, Қазақстан, Алматы қ.

ЖЕРЛЕУ ДӘСТҮРЛЕРІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАРДАҒЫ ТҮСІНІКТЕРІ

Өлім – бұл тірі организмнің барлық формальды қызметі мен процестерінің соңы. Жақын адам өлімінен кейін марқұмның туыстары жерлеуге дайындалу барысында бірнеше салт-жораларды орындау қажеттілігін сезінеді. Сондықтан адам өлімі марқұм мен тірі адамдарды біріктіретін жерлеу дәстүрлерін орындаумен жүзеге асырылады. Көптеген зерттеулерден байқап отырғанымыздай, әр қоғамдағы жерлеу дәстүрлері алуан түрлі. Адамды жерлеу дәстүрлері діни құндылықтарға сүйенетін жеке адамдар, әлеуметтік және отбасылық топтардың түрлі сенімдері бойынша өтеді. Сонымен қатар, жерлеу дәстүрлері қабірге қою мен марқұмның құрметіне жасалатын түрлі салт-жоралардың еске алу мен сыйлау мәдениетінде қолданылатын сенімдер мен дәстүрлердің кешенін біріктіреді. Берілген зерттеу жұмысы әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардағы шетелдік дереккөздерді сараптауды көздейді. Мақаланың мақсаты болып қоғам өміріндегі жерлеу дәстүрлерінің рөлі мен орнын анықтау саналады. Шетелдік ғалымдар еңбектеріндегі ойларды анықтау үшін «Скопус» библиографиялық және реферативті базасы арқылы «funeral rites» түйін сөзі бойынша материалдар іздестірілді. Зерттеу жұмысында жерлеу дәстүрлерін теориялық түсінудің өзектілігі мен маңыздылығы негізделеді.

Түйін сөздер: жерлеу дәстүрлері, өлім, марқұм, мәдениет, отбасы.

R.A. Mussayev¹, Zh.A. Zhumashova²

¹Al-Farabi Kazakh National University,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: rinat.2109@mail.ru

²University «Turan», Kazakhstan, Almaty

The concepts of funeral rites in the social-humanitarian sciences

Death is the end of all the formal functions and life processes of a living organism. When the death of a close person, the relatives of the deceased feel the need to perform a series of rites in preparation for the funeral. Therefore, death is accompanied by the performance of funeral rites that connect the dead and living people. As can be seen in many studies, funeral rites can be diverse in different societies. A person's funeral rites come from various beliefs of individuals, social and family groups, which in turn are based on religious values. Besides funeral rites include a set of beliefs and customs used by the culture to commemorate and respect the deceased from the burial to various memorial rites held in their honor. This research work is an analysis of foreign sources in the social-humanitarian sciences. The purpose of the article is to determine the role and place of funeral rites in society. In order to determine opinions in the research of foreign scientists on the search for the Scopus, they searched for documents using the keyword «funeral rites». The research work substantiates the relevance and importance of a theoretical understanding of funeral rites.

Key words: funeral rites, death, deceased, culture, family.

Р.А. Мусаев¹, Ж.А. Жумашова²

¹Казахский национальный университет им. аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: rinat.2109@mail.ru

²университет «Туран», Казахстан, г. Алматы

Понятия погребальных обрядов в социально-гуманитарных науках

Смерть – это конец всех формальных функций и процессов жизни живого организма. Когда наступает смерть близкого человека, родственники покойного чувствуют необходимость совершить ряд обрядов при подготовке к похоронам. Поэтому смерть сопровождается выполнением погребальных обрядов, которые соединяют мертвых и живых людей. Как видно из многих исследований, погребальные обряды могут быть многообразными в разных обществах. Погребальные обряды человека исходят из различных убеждений отдельных людей, социальных

и семейных групп, в свою очередь опирающихся на религиозные ценности. Кроме того, погребальные обряды включают в себя комплекс верований и обычаев, используемых культурой для поминания и уважения умерших от погребения до различных поминальных обрядов проводимых в их честь. Данная исследовательская работа представляет собой анализ зарубежных источников по социально-гуманитарным наукам. Целью статьи является определить роль и место погребальных обрядов в жизни общества. Чтобы определить мнения в исследованиях зарубежных ученых по поиску библиографической и реферативной базы «Скопус» искали документы по ключевой слове «funeral rites». В исследовательской работе обосновывается актуальность и важность теоретического понимания исследования погребальных обрядов.

Ключевые слова: погребальные обряды, смерть, покойный, культура, семья.

Кіріспе

Жерлеу дәстүрлері адамның қайтыс болған сәттен қоштасуға дейінгі, қабірге қойылғаннан кейінгі арнайы діни рәсімдер мен ережелер негізінде жүзеге асатын процесс. Тірі адамдардың осы кездегі ең бірінші міндеті ретінде марқұммен осы дүниедегі барлық байланыстарды үзу болып табылады. Марқұм отбасымен өмір сүрген уақытта қолданған заттарынан, кейін үйі мен қоғамнан ажыратылады. Бұл тұста жерлеу дәстүрлерінің салт-жораларын пайдалану маңызды рөл атқарады.

Кез келген халықтың жерлеу дәстүрлері халықтың этногенезін талдаудың маңызды қайнар көзі болып табылады. Өз кезегінде жерлеу дәстүрлері тұжырымдамаларын түсіну әр халықтың осы мәселеге қатысты мәдениетін айқындауға септігін тигізеді. Аталмыш мәселеге байланысты дәстүрлерде ұқсастықтардың бар екендігі байқалса да, көзқарастарды жан-жақты қарастыруға тиіспіз.

Ежелгі дүниеден бастап өлілерге арналған еңбектер жазылған. Мәселен, Ежелгі Мысырдағы «Өлілер кітабында» марқұмдардың о дүниедегі қауіптерді жеңуге көмектесу және қайтыс болғаннан кейін амандықты иеленуді мақсат тұтқан мысырлық гимндер мен діни мәтіндер жинақталған. «Мысырлық өлілер кітабы» пирамида, фараондар, мумиялар мен Сфинкстер секілді Мысырдың символы болып табылады. Осы ежелгі кітап 5000 жылдай әрбір мысырлықтың өмірінде ерекше орын алған. Мысыр қоғамының барлық мүшелері әрдайым «Өлілер кітабының» ілімдеріне сүйенген. Мысырлықты кітапта көрсетілген нұсқауларға қарап жерлеген және халық мәңгі өмір мен бақытқа сенген (Бадж 2010: 523).

«Тибеттік өлілер кітабы» «Мысырлық өлілер кітабына» ұқсас Бардо Тхедолдың буддалық мәтіні. Өлімнің тұжырымдамалары мен сергектік пен аман қалудың буддалық идеяларының тұжырымдамаларына сүйенген кітапта

өмір туралы адам түсініктері кеңейеді. Кітапты оқу барысында әрбір адам өлімге дайындалуды үйренумен қатар, өлім процесінде азапты аз сезіну жолдарын үйренеді. «Тибеттік өлілер кітабында» өлім кезеңіндегі психикалық құбылыстар сипатталып, дүниеге келудегі инстинктің пайда болуы баяндалады. Бірнеше ғасырлардан бұрын жазылған еңбек Батысқа XX ғасырда белгілі болып, К. Юнгтың аналитикалық психологиясына әсер етті (Тхедол 2016: 384).

Өлім мен жерлеу дәстүрлерінің семантикасын ата-бабалардың рәміздік мұрасы ретінде дәйектеген зерттеуде А. Бурчер (Burtscher 2011: 41-54) өлім, ауыр қаза және жерлеуді білдіретін ұғымдар өткен ұрпақтан мұраға қалғанын айқындайды. Автор осы терминдердің шығуына мән бере отырып, олардың ғасырлар бойы мәні өзгеріске ұшыраған этимологиясы мен мағынасын сараптайды. Мәселен, «Адам» түсінігі тек ата-бабаға ғана емес, жер, өлім мен рух құбылыстарымен де тығыз байланысты. Адам денесінен оның рухы шыққандағы бөліну процесі отбасы мен қауымдастықтан ажырау секілді. Бірақ, бұл процесс тек нақты сөздерде ғана емес, жерлеу дәстүрлерінде де көрініс табады. Жерлеу дәстүрлері марқұмның мәңгі тыныштығы, оларды еске алу мұрасын қорғау және осы дүниеде қалғандардың жан тыныштығын қамтамасыз етуді көздейді.

Бүгінде жерлеу дәстүрлері көптеген өзгерістерді көрсететін, қоғам мен өмір салтын түбірімен өзгерткен жаңа, өзге үлгідегі салт-жораларды қолданатын шараларды қабылдады. Жерлеу дәстүрлері дербес, жекеленген құбылыс иеленіп, мәнісі даралық пен зайырлылық негізінде жаңа рәміздік мағынаға ауысты. Өлі денеге де адамдар көзқарасы ізгіліктің жаңа түрлері бағытында әлеуметтік көзқарастар негізіндегі ұжымдық ұстанымда бекітіліп дамуда. Бүгінгі таңда «Өлімге қамқорлық» марқұмның отбасында емес, жерлеу бюроларында жұмыс жасайтын қызметкерлер тәжірибесінде көп қолданылады (Mauro 2013: 133-143).

М.-Ф. Баккенің (Vasqué 2013: 176-181) XXI ғасырдағы демографиялық және мәдени өзгерістер алдындағы Батыс қоғамын талдаған еңбегі де назарымызды қажет етеді. Ғалымның пайымдауынша, осы уақытқа дейін адам қазасы ұжымдық және дербес қатыстылық болып келсе, XX ғасырдың басындағы Францияда туыстан айырылудың мәдени бөлігі бірте-бірте жойыла бастады. Батыс қоғамында осыдан жүз жыл бұрын қара жамылудың қоғамдық көрінісі басым болса, бүгінде адам қайғысының көрінісі өзіндік өзгерістерге ұшырап жатыр. Екі дүниежүзілік соғыстан кейін дәстүрлер өзгеріп, адамның Құдайға сенімі жоғалды, күйзеліс бірінші орынға шықты. Бұрынғы ұжымдық ауыр қаза бүгінде солипсистік (тек өзіне ғана қатысты) түсінікті иеленді. Әрине, бұл қазіргі Батыстағы түсінік, бірақ біз осы мәселеге де мән беруіміз қажет.

Заманауи жерлеу дәстүрлерінің ахуалы мен басымдықтары зерттелген еңбекте берілген тақырып бойынша мамандар арасында пәнаралық ынтымақтастықтың өсіп отырғандығы айтылады. Зерттеу жұмысында 2000 жылдан кейінгі Богемияда жарық көрген әдебиеттерге ерекше назар аударылған (Omelka, Rebounová 2017: 117-133). Пәнаралық байланыстар жерлеу дәстүрлерін тарихи-мәдени контексте талдауға мүмкіндік беріп қана қоймай, түсініктің жеке бөлімдері, бөлшектері мен құбылыстарын зерттеуге ықпал жасайды. Сондықтан жерлеу дәстүрлеріне байланысты зерттеулер жүргізуде пәнаралық байланысты пайдалану өз тиімділігін көрсетеді деп ойлаймыз.

Жерлеу дәстүрлерін әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдарда зерттеу әлі де қалыптасу жо-

лында деп ойлаймыз. Бұл пікірге біз осы зерттеу жұмысының нәтижелерін алу барысында түсініп отырмыз. Әсіресе, жоғарыда аталған ғылым салаларындағы теориялық тәсілдер мен әдістерді пайдалану өз өзектілігін жоғалтпайтындығы анық. Сондықтан осы зерттеу жұмысында шетелдік ғалымдар еңбектерінің материалдарын талдау арқылы мәселенің шешімін тауып отырмыз.

Зерттеу жұмысының әдістері

Зерттеу жұмысының әдістемелік және теориялық негізін тақырып бойынша жазылған ғалымдардың еңбектері құрайды. Ізденіс жерлеу дәстүрлерін зерттеу бойынша алынған ғылыми нәтижелерге сүйену арқылы жүргізілді. Ғылыми мақаланы әзірлеу барысында жүйелік, құрылымдық-қызметтік, тарихи-философиялық, институционалды зерттеу әдістері қолданылды. Зерттеу жұмысы барысында «Скопус» библиографиялық және реферативтік базасындағы материалдарға ерекше мән берілді.

Әдебиеттерге шолу

Зерттеу жұмысын жүргізу барысында «Скопус» библиографиялық және реферативтік базасынан «funeral rites» кілт сөзі арқылы барлығы 1 009 материал табылды. Жарияланған материалдар базаның 25 саласына қатысы бар және 28 жарияланымның салалары белгісіз. Көрсеткіштер нәтижесін төмендегі кестеден байқауымызға болады.

1-кесте – «Скопус» библиографиялық және реферативтік базасынан «funeral rites» кілт сөзі арқылы табылған материалдар саны (18.10.2019 көрсеткіш)

№	Зерттеу саласы	Саны	№	Зерттеу саласы	Саны
1	Medicine	511	14	Pharmacology, Toxicology and Pharmaceutics	6
2	Social Sciences	273	15	Chemistry	4
3	Arts and Humanities	257	16	Decision Sciences	2
4	Nursing	134	17	Dentistry	2
5	Psychology	74	18	Economics, Econometrics and Finance	2
6	Agricultural and Biological Sciences	19	19	Mathematics	2
7	Biochemistry, Genetics and Molecular Biology	18	20	Physics and Astronomy	2
8	Multidisciplinary	14	21	Veterinary	2
9	Health Professions	9	22	Business, Management and Accounting	1
10	Immunology and Microbiology	9	23	Chemical Engineering	1
11	Neuroscience	7	24	Engineering	1
12	Earth and Planetary Sciences	6	25	Materials Science	1
13	Environmental Science	6	26	Undefined	28

«Скопус» базасынан «funeral rites» кілт сөзі арқылы табылған материалдардың соңғы он жылдық жалпы көрсеткіштерін де анықтауға болады. Осы он жыл ішінде барлығы 380 материал базаға тіркелген:

2-кесте – «Скопус» библиографиялық және реферативтік базасынан «funeral rites» кілт сөзі арқылы табылған материалдардың соңғы он жылдық жалпы көрсеткіштері (18.10.2019 көрсеткіш)

№	Жыл	Саны
1	2010	34
2	2011	42
3	2012	46
4	2013	27
5	2014	48
6	2015	41
7	2016	33
8	2017	46
9	2018	45
10	2019	18
ЖАЛПЫ:		380

Сонымен қатар, «funeral rites» кілт сөзін көп пайдаланған авторлардың да ондығын анықтауға болады:

3-кесте – «Скопус» библиографиялық және реферативтік базасынан «funeral rites» кілт сөзі көп пайдаланған авторлардың ондығы (18.10.2019 көрсеткіш)

№	Автор	Жарияланым саны
1	Green J.	9
2	Bacqué M.F.	5
3	Imanaka T.	4
4	Sheikh A.	4
5	Cacciatore J.	3
6	Dennis M.R.	3
7	Epelboin A.	3
8	Formenty P.	3
9	Gatrad A.R.	3
10	Ito S.	3

Дж. Гриннің зерттеулері көбінесе Ұлыбританияда жарық көретін «Nursing times» журналында жарияланған. Бір қызығы автор «Абыроймен өлім» түсінігін пайдалану арқылы мына мәселелерге мән береді: Ислам (Green 1989a: 56-57); Индуизм (Green 1989b: 50-51); Иудаизм (Green 1989c: 64-65); Буддизм (Green 1989d: 40-

41); Баһаи (Green 1989e: 50-51); Шетелдегі жерлеулер (Green 1989f: 63); Мормондар шіркеуі (Green 1992a: 44-45); Афро-Кариб қауымдастығы (Green 1992b: 50-51) және Растафариандық (Green 1992c: 56-57).

Страсбург университетінің профессоры М.-Ф. Баккенің ғылыми зерттеулері француз тілінде жазылған. Ғалым өз зерттеулерінде жерлеу дәстүрлері жаһандану жолында (Bacqué 2002: 85-95), жаракаттанған денеден рәміздік денеге дейін (Bacqué 2006: 59-68) секілді мәселелерді қарастырған. Әрине, бір мақала шеңберінде жоғарыда көрсетілген шетелдік авторлардың зерттеулеріне әдеби шолу жасау мүмкін емес екендігін ескергеніміз жөн.

Жерлеу дәстүрлері мәселесіне отандық ғалымдар арасында зерттеулер аз жүргізіліп жатқандығы байқалады. Отандық зерттеушілер арасынан А.А. Бисембаев (2010: 130-142), З.Ө. Ибадуллаева (2010: 171-178), А.Б. Қалыш (2012: 29-34), Б.А. Калиев пен М.М. Малибаев (2013) еңбектері маңызды деп ойлаймыз. Қазақтың сенімдері мен тыйымдарының діни және символикалық мағыналары (Mustafina, Borbassova, Maden, Beknazarov, Simukanova 2019: 107-116) зерттелген еңбектің де маңызы зор деп ойлаймыз.

Негізгі бөлім

Әр елдің салты басқа түсінігіне сәйкес, әр халықтың жерлеу дәстүрлерінің өзіндік салт-жоралары бар екендігі анық. Сондықтан зерттеу жұмысында мәселеге әр қырынан қараған ғылыми нәтижелерді қарастыруға тырыстық. Бұл зерттеулер көп жағдайда мәдениеттанулық, археологиялық, философиялық, этнографиялық және дінтанулық көзқарастарға сүйенетіндігін айта кеткеніміз жөн.

Е.В. Спельман (Spelman 2018: 163-176) Платонның «Мемлекет» атты еңбегін талдау барысында трагедиялық поэзияның жойқын салдарын кінәлайтындар ретке келтірілген ахуал мен адам жанына қайғыға орын жоқ деп ойлайтындығын баяндайды. Ғалым Афиныдағы жерлеу дәстүрлеріндегі аза тұтушылар ретінде әйелдер қауымы негізгі орын алатындығын ескере келе, әйел мінез-құлқындағы жылау қасиетін соқраттық сынауға балайды. Қоғамдағы қайғыны басу ұмтылысы жоғарыда айтылған аза тұтуды барынша азайтуды көздейді деп ойлаймыз.

Бельгиялық бір топ ғалымдар (Baeten, Deforce, Challe, De Vos, Degryse 2014: e113142) орта ғасырлық жерлеу дәстүрлеріндегі киелі

иістің химиялық ізтаңбаларын анықтау барысында хош иісті шайыр, қарамай болып табылатын ладанның қасиетіне мән береді. Ладан осы кезеңдерде Батыс және Шығыс қоғамында молшылықтың белгісі саналып, христиандық жерлеу мен литургиялық дәстүрлерінде қолданылған. Кейінгі орта ғасырлар қорымдарындағы жұпыны бейіт бұйымдары арасынан ағаш көмірге толтырылған латералдық ойықталған керамикалық ыдыстар табылды. Ғалымдардың пайымдауынша, ладанмен байланысты бұл дәстүрлер Батыс Еуропаның көптеген аймақтарында кездеседі және бұл салт-жора жерлеу дәстүрлерінде хош иісті пайдалану ретінде түсіндіріледі.

Трансұлттық кезеңдегі жерлеу дәстүрлерін қарастырған еңбекте К.М. Адамс (Adams 2015: 239-266) Сулавеси таулы өлкесінде өмір сүретін Тораджа-Садан халқының антропологиялық зерттеулері негізінде жасалатын салт-жоралар күрделілігін негіздейді. Отанында немесе шетелде тұратын тораджандықтардың басым бөлігі жерлеу дәстүрлері отбасылық және мәдени өзіндік ерекшеліктерін білдіреді деп ойлайды. Ғалымның көзқарасы бойынша, көптеген жергілікті халықтың аралдан тыс өмір сүруіне байланысты отбасылық жерлеу дәстүрі күрделі ортаға бағытталған физикалық, экономикалық және эмоционалдық шиеленіске ие. Зерттеуші өзге елде тұратын мигранттардың марқұм отбасына ақша аударымдарын көп жасайтындығын айта келе, шетелдік туристер әлеуметтік желілер арқылы отбасылық қатынастар мен дәстүрлерді көрсетіп жатқандығын баяндайды. Ғалым Фейсбук арқылы аталмыш халықтың отбасылық құндылықтары мен дәстүрлерінің насихатталғанын дұрыс көреді.

Ханафи мазһабын ұстанатын Сианьдағы Хуэй халқының жерлеу дәстүрлерін талдаған еңбекте жапондық ғалым Т. Иманака (Imanaka 2015: 25-45) адами қатынастарға ерекше мән береді. Бұл халық Қытай Халық Республикасы мойындаған 56 ресми ұлттық азшылық болып табылады және көптеген ғасырлар бойы ислам дінін ұстанатындықтан мұсылман мәдени мұраларын қорғаушы деуімізге негіз бар. Автордың айтуынша, бұл халық көп жағдайда мешіттер жанында мекен етеді және дін орнын қауымдастықтың жүрегі деп есептейді. Соңғы зерттеулер көрсетіп отырғандай Хуэй қауымдастығы айтарлықтай өзгерістерге ұшырап, кейбіреулері тіпті жоғалып кеткен. Дегенмен, бұл сын-тегеуірлерге қарамастан халық өз дәстүрлері мен салт-жораларын сақтап

қалды. Жергілікті ғалымдардың дәйектеуінше, марқұмның отбасы жерлеу дәстүрлерінде ерекше орын алады. Олар марқұмның соңғы демі қалғаннан, денені мешітке жеткізуге дейінгі барлық процестерге қатысады. Зерттеушінің бақылауы бойынша, мешіт жамағаты кез келген жерлеу дәстүрлеріне белсенді түрде марқұмды құрметтеу мақсатында қызмет атқарады. Әрине, бұл дәстүрлер жапондық ғалым үшін таңсық құбылыс болуы мүмкін, бірақ қазақ халқы үшін түсінікті әрекеттер болып табылады.

Шеркестер (адығтар) халқында марқұмның жанын іздеуге арналған «Су астындағы жоқтау» (Психэгъэ) дәстүрі бар. Бұл дәстүрде шеркестердің (адығтар) аспапты дәстүрі көрініс тауып, тарихи музыкалық аспап «камыль» маңызды рөл атқарады. А.В. Гучева мен Ф.Х. Гулиеваның (Gucheva, Guliyeva 2017: 20-26) зерттеулерінде көрсетілгендей, бұл аспап қасиетті күшке ие, адамның ата-бабалары мен Жаратушы арасындағы шекараны байланыстырады. Ғалымдар бұл дәстүрдің триадасын айқындайды: субъект (аспапты әуен) – реципиент (Жаратушы немесе жебеуші) – объект (қайғыға ұшыраған адам). Айтылған құрамдастар жерлеу дәстүрлерінің өзіндік жүйесі ретіндегі құрылымын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, бұл дәстүрде аңыз бен музыканың өзара байланысы бар сияқты.

Чилилік ғалым П.Р. Багамон (Bahamonde 2016: 657-678) өз зерттеу жұмысында үндіс тайпаларынан құралған мапуче халқының жерлеу дәстүрлерін онтологиялық тұрғыдан қарастырады. Автор 2010-2015 жылдары алынған этнографиялық мәліметтер негізінде қайтыс болған ата-бабалардың рөлі мен жерлеу процедураларының ерекшеліктерін талдайды. Зерттеу жұмысында көрсетілгендей, жерлеу кезінде құсты құрбандыққа шалу (дәстүр «каре каре» деп аталады екен) марқұмның рухындағы «онтологиялық өзгерістерге» ықпал жасайды. Дәстүрдің материалды қыры тынығуды көздеп, адамдар арасындағы қатынастар марқұмдардың әруақтар тобына жетуі ретінде қарастырылады.

Отандық ғалымдар А.Б. Сагандыкова, З.М. Асылбекова, Б.С. Сайлан, Г.С. Беделова және У.З. Тулешованың (Sagandykova, Assylbekova, Sailan, Bedelova, Tuleshova 2016: 2273-2284) өлім мифологиясының ежелгі түркі моделін талдаған еңбекте бай дүниетанымдық мәдениет Тәңірі түсінігіне сай келетіндігін баяндайды. Авторлардың көзқарастарына сәйкес, осы кезеңнің өркениеті мен мәдениетін материалды мәдениет бұйымдары мен тілін талдау негізінде

анықтауға болады. Алғашқы адам, өлім туралы түсініктер негізінен мифологиялық уақыттың аяқталуы идеясымен байланысты екендігі дәйектеледі. Мифологиялық көзқарастарда адамдардың өлімі Ғаламның құрылуымен түсіндіріледі. Кез келген жағдайда адам өлімі жаратылыс әрекеттерін бұзуға бағытталған «шекаралық ахуал» ретінде қарастырылады. Сондықтан қоғамға жерлеу дәстүрлерінің қажеттілігі индивидтің қайтыс болғаннан кейінгі өмірін кеңейту мен қоғамда қалыптасқан белгісіздіктен арылумен байланысты.

Түркияның оңтүстігінде орналасқан Дикили қаласы ауылдары тұрғындарының жерлеу дәстүрлеріндегі өзгерістерді талдаған зерттеуде М. Булут (Bulut 2018: 123-138) қайтыс болғаннан кейінгі тәжірибеге сүйенеді. Ғалым мұсылмандық дәстүрлерге сәйкес келетін Орталық Азиямен байланысты дәстүрлі тәжірибелерге қарастыру барысында кейбір өзгерістердің орын алғанын байқайды. Байланыстың жақсаруы мен көлік құралдарының дамуы барысында дәстүрлі тәжірибеде өзгерістер қалыптасқандығын айқындайды. Автордың пікірі бойынша, кейбір жерлеу дәстүрлері ауылға қаланың беретін қызметтері, ауылдардың қалаға қосылуы, миграция кезінде тез жоғалады. Эмиграция жай жүретін ауылдарда жерлеу дәстүрлері баяу өзгереді. Зерттеу барысында ғалым ауыл тұрғындарының басым бөлігі қалаға көшіп кеткендіктен соңғы жылдары өз туыстарын ауылда жерлемегендігін баяндайды. Дегенмен, ғалым көлік пен байланыстың дамуындағы өзгерістерге сәйкес қалаға көшкен халық ауыл бейігіне баратындығын және туыстарының жерлейтіндігін негізгі себеп ретінде көрсетеді.

Нигериялық ғалымдар С.К. Иквумеси мен И.Е. Онвегбуна (Ikhwemesi, Onwuegbuna 2018: 184-200) өз зерттеулерінде Игбо халқының жерлеу дәстүрлеріндегі шығармашылыққа назар аударады. Авторлар Нигерияның оңтүстік-шығысында мекен ететін игболықтар марқұмдарды азалаумен қатар, адам өлімін ата-бабаларының рухани өміріне жол тартты деген көзқараста мерекелейтіндігін айқындайды. Марқұмды жерлеу дәстүрлерінде дыбыстар, дауыстар, дене қимылдары мен бейнелері отбасының қайғы-қасіретін шығармашылыққа айналдыратындығына ерекше тоқталады. Осы мереке барысындағы адам денесі отбасының барлық шығармашылық әрекеттерінің агенті, ал жерлеу орны көпжоспарлы келіссөздердің кеңістігі ретінде сипатталады.

Испаниялық ғалым Дж.К.Д. Антолин (Antolin 2018: 88-95) өз еңбегінде «кері қайырмалы жерлеу дәстүрі» түсінігі туралы баяндайды. Ұғымды түсіндіру барысында автор кез келген адам мәңгі емес екендігін айта келе, ауруы асқынған адамның өлімі жақындаған мезгілді кері қайырмалы жерлеу дәстүрі деп дәйектейді. Бұл дәстүрде екі әрекет жүреді: жақын туыстарына ауыр қазаны жеңуге көмектеседі; адам өз өлімін күтіп алады. Мұндай құбылысқа жеке, мәдени және қоғамдық құндылықтар ықпал жасай алады.

М.С. Баташев мен Н.П. Макаров (Batashev, Makarov 2018: 4-18) Енисейдің солтүстік халықтары мәдениетінің генезисін қарастыру барысында байырғы тұрғындар мен орыс тұрғындардың материалды және рухани мәдениетіндегі өзара ықпалдар сипатталады. Авторлардың пайымдауынша, аборигендердің христиандалуымен қатар орыстар сеніміне шаманизмнің енуі байқалады. Долғандар мен кеттер орыстардан көлік пен тұрғын үйлердің жаңа түрлерін алып пайдалануда. Зерттеуде байырғы тұрғындар орыс этносына өз шаруашылығын жүргізу тәсілдерін, киімдерін беретіндігі айқындалса, өз кезегінде орыстар өнеркәсіптік өндіріс заттары мен азық-түлік ұсынатындығы дәйектеледі. Сонымен қатар шылым тарту мен алкогольды қолдану кеңінен етек жайып бара жатқандығы айқындалады. Міне, осы құбылыстардың барлығы абориген халықтың көршілердің жерлеу дәстүрлерін иеленіп отырғандығын көрсетеді.

А.С. Скрипкин (2019: 20-34) ертесарматтық мәдениеттегі ескерткіштерді сараптаған еңбекте тек материалды мәдениеттегі ғана емес, жерлеу дәстүрлеріндегі ерекшеліктерге де мән береді. Автордың пайымдауынша, осы кезеңнің жерлеу ескерткіштерінің ерекше қасиеті ретінде жерлеу дәстүрлеріне тән осы уақытқа дейін сармат тайпаларынан табылмаған жаңа заттардың кеңінен таралуы деп есептейді. Осы жаңашылдықтарды мәдени-тарихи талдау барысында Орталық Азия халықтарының белгілері көрінісі бар екендігіне назар аударады. Мәселен, жерлеу орындарынан жүзі бар қарулардың бірнеше жаңа түрлері табылған.

Осы нәтижелерге ұқсас В.М. Клепиков (2019: 35-46) Волга мен Дон аралығындағы сарматтық Ковалевка қорымын зерттеу барысында сол кезеңдегі жерлеу дәстүрлерінің ерекшеліктерін айқындауға болатындығын айтады. Автордың пайымдауынша, бұл кезеңде бірдей үйінділерден түзілген рулық бейіт-қорымдары дәстүрлері

үстемдік жасады. Үйінділер мен жерленген обаларда жылқы сүйектері кездеседі. Ғалымның пікірінше, бұл ертесарматтық мәдениеттің жерлеу дәстүрлерінде сирек кездесетін құбылыс. Зерттелген аймақты біріктіретін тағы бір ерекшелік ретінде марқұмдарды салт-дәстүр негізіндегі ұрлықтарды атап көрсетеді. Жерлеу орындары тонау үшін емес, қорлық көрсету мақсатында бұзылған. Бұл тұжырымға негіз ретінде бейіт түбіндегі жерленген адам сүйектерінің кейбір бөліктері сақталса, қалғандары қаңқа сүйектерінің қозғалмалы бұйымдарымен тұтасып бейіттен лақтырылған. Б.э.д. I ғасырдың соңында зерттеліп отырған аймаққа жақсы қаруланған көшпенділер тобы еніп, жергілікті тұрғындар оларды бөтендер деп шеттетілген деп топшылауға болады. Жаңа орында тұрақтап қалу әрекеті мигранттардың өз бейіттерінің орнын қалаудың негізі болса, жергілікті тұрғындардың наразылығы олардың жерлеу орындарын қорлаудан көрініс тауып отыр.

Адам өлімінен кейінгі отбасы мәнінің өзгерістерін талдаған еңбекте америкалық ғалымдар Х.К. Блэк, Х.Р. Сантанелло және Р.Л. Рубинштейн (Black, Santanello, Rubinstein 2014: 522-530) прагматикалық жүйеге ерекше мән береді. Ғалымдар отбасының тірегі саналатын әкенің қайтыс болғаннан кейінгі отбасылық сенімдер белгілерін зерттейді. 34 отбасы мүшелерінен жұбайы мен әкелерінің өліміне байланысты реакцияларды талдай келе, авторлар мына мәселелер маңызды деп анықтайды: әке мен күйеудің өмір мен өлім контексіндегі маңыздылығы; отбасы мүшелерінің келешекке сенімі; өлімнен кейінгі дәстүрлер.

Қорытынды

Зерттеу жұмысының нәтижелері көрсетіп отырғандай, жерлеу дәстүрлері дұрыс әрі оңтайлы қоғамдық мағынаны иеленді. Адам өлімі марқұмның барлық жақындарын біріктіретін қазалы оқиға екендігі айқындалды. Жерлеу дәстүрлерінің салт-жораларын жүргізу ортақ сезім мен көзқарастарды қалыптастыруға ықпал жасайды. Туған-туыстардың барлығы ұрпақтар арасындағы байланысты үзбеу және бірлігі мен тұтастығын бекіту үшін жиналады.

Жоғарыда айтылған тұжырымдамаларға сәйкес, жерлеу дәстүрлері әрбір тірі адамға маңызды салт-жоралардың бірі болып табыла-

ды. Жерлеу дәстүрлерін салт-жораларға сәйкес дұрыс өткізу марқұм мен барлық тірі адамдардың бейнесін көрсетеді. Жасыратыны жоқ, кез келген адам өз бейітінің болуын, жерлеу дәстүрлерінің барлық ережелеріне сай қабірге қойылуын және туыстары мен достарының жадысында сақталуы үшін жасалатын салт-жоралардың жасалғанын қалайды.

Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар салаларындағы шетелдік зерттеушілердің жерлеу дәстүрлері түсініктеріне байланысты тұжырымдамалары әр халық пен қоғамның ерекшеліктеріне байланысты жан-жақты. Зерттеу нәтижесі көрсетіп отырғандай, барлық халықтың жерлеу дәстүрлерінің құрылымы өте ұқсас. Кез келген қоғам жерлеу дәстүрлері барысында үш негізгі кезеңнен өтеді: 1) адамның қайтыс болуымен байланысты әрекеттер мен марқұмды жерлеуге дайындалу; 2) марқұмды жерлеу; 3) еске алу дәстүрлері. Жерлеу дәстүрлерінің осы құрылымы барлық ұлт пен халыққа ортақ болғанымен, діни ұстанымдар, аймақ ерекшеліктеріне байланысты өзгерістер болады. Дегенмен, қазақ халқының жерлеу дәстүрлеріне кейбір сәйкестіктер бар екендігін де негіздеуімізге болады. Мәселен, үндіс тайпаларынан тұратын мапучелер марқұмды жерлемес бұрын құсты құрбандыққа шалса, қазақ халқы мал сояды. Игболықтар жерлеу дәстүрлеріне шығармашылық тұрғысында қарайтындай, қазақтың әйелдер қауымы марқұм артынан жоқтау айтады.

Жерлеу дәстүрлерінің әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардағы түсініктерін талдау және салыстыру барысында әлеуметтік институттардың өзара байланыстарын байқауымызға болады. Бұл байланыстардың мәдени, экономикалық және әлеуметтік қырларын атауымызға негіз бар. Мәдени қырлары дін, идеология мен діни дәстүрлерді біріктереді. Әрбір елдегі, өңірдегі жерлеу дәстүрлерінің өзгешеліктері мен құндылықтары дәстүрлерінің дұрыстығын көрсетеді. Экономикалық қыры, әсіресе Батыста кеңінен етек жайған жерлеу индустриясының кәсібилігімен және оған жұмсалатын шығындармен байланысты. Біздің халықта да жерлеу рәсіміне жұмсалатын қаржы мәселесі де маңызды деп ойлаймыз. Әлеуметтік қыры қоғамдық мәртебемен байланысты деп ойлаймыз. Қайтыс болған адамның артында қалған туыстары, ұлдары мен қыздары әлеуметтік жағдайына қарамастан марқұмның мәртебелі түрде жерленгенін қалайды.

Әдебиеттер

- Бадж, Э.А.У. (2010). Египетская книга мертвых. / Пер. с англ. К. Корсакова. – СПб.: Азбука, 523 с.
- Бисембаев, А.А. (2010) Ақтөбе облысы территориясынан табылған Алтын Орда уақытының элиталық жерлеулері // Отан тарихы. – № 4. – 130-142 бб.
- Ибадуллаева, З.Ө. (2010) Жаңақорған және Түркістан өңірінің жерлеу рәсімдері // Отан тарихы. – №4. – 171-178 бб.
- Калиев, Б.А., Малибаев, М.М. (2013) «Жерлеу дәстүрі» терминін дефинициялау мәселесі // Электрондық ресурс. – Көру режимі: <https://e-history.kz/kz/contents/view/1619>.
- Клепиков, В.М. (2019) Сарматские погребения могильника Ковалевка: чужие среди своих? // Вестник Волгоградского государственного университета. Серия 4. История. Регионоведение. Международные отношения. – №24 (1). – С. 35-46. – doi: 10.15688/jvolsu4.2019.1.3.
- Кальш, А.Б. (2012) Ақтөбе облысы қазақтарындағы жерлеу және еске алу әдет-ғұрыптары // М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің хабаршысы. – №1 (45). – 29-34 бб.
- Скрипкин, А.С. (2019) Кочевой мир Юга Восточной Европы во II–I вв. до н. э. (восточные инновации, факты, причины, последствия) // Вестник Волгоградского государственного университета. Серия 4. История. Регионоведение. Международные отношения. – №24 (1). – С. 20-34. doi: 10.15688/jvolsu4.2019.1.2.
- Тхегол, Б. (2016). Тибетская «Книга Мертвых». – М.: Эксмо, 384 с.
- Adams, K.M. (2015) Families, Funerals and Facebook: Reimag(in)ing and «Curating» Toraja Kin in Trans-Local Times // TRaNS: Trans-Regional and -National Studies of Southeast Asia. – Vol. 3. – No. 2. – P. 239-266. – doi: 10.1017/trn.2014.25.
- Antolín, J.C.D. (2018) Inverse Funeral Rite. Therapy and Values // Cultura de los Cuidados. – Vol. 22. – No. 51. – P. 88-95. – doi: 10.14198/cuid.2018.51.10.
- Bacqué, M.-F. (2002) Vers une Mondialisation des Rites Funéraires? // Etudes sur la Mort. – Vol. 121. – No. 1. – P. 85-95. – doi: 10.3917/eslm.121.0085.
- Bacqué, M.-F. (2006) Du Cadavre Traumatogene au Corps Mort Symboligene // Etudes sur la Mort. – Vol. 129. – No. 1. – P. 59-68. – doi: 10.3917/eslm.129.0059.
- Bacqué, M.-F. (2013) Speaking from Bereavement Instead of Speaking from Death? // Western Societies in Front of Demographic and Cultural Changes of the 21st Century. Annales Medico-Psychologiques. – Vol. 171. – No. 3. – P. 176-181. – doi: 10.1016/j.amp.2013.02.001.
- Baeten, J., Deforce, K., Challe, S., De Vos, D., Degryse, P. (2014) Holy Smoke in Medieval Funeral Rites: Chemical Fingerprints of Frankincense in Southern Belgian Incense Burners // PLoS ONE. – Vol. 9. – No. 11. – e113142. – doi: 10.1371/journal.pone.0113142.
- Bahamonde, P.R. (2016) The Mapuche Funeral Rite of Descanso (Repose): From the Ontological Change to the Tree of Ancestors // Chungara. – Vol. 48. – No. 4. – P. 657-678. – doi: 10.4067/S0717-73562016005000023.
- Batashev, M.S., Makarov, N.P. (2018) Culture Genesis of the Peoples of the North of the Yenisei. Interaction of Cultures (on the Basis of the Materials of Krasnoyarsk Regional Local Lore Museum) // Journal of Siberian Federal University – Humanities and Social Sciences. – Vol. 11. – No. 1. – P. 4-18. – doi: 10.17516/1997-1370-0176.
- Black, H.K., Santanello, H.R., Rubinstein, R.L. (2014) A Pragmatic Belief System in Family Meaning-Making After Death // Death Studies. – Vol. 38. – No. 8. – P. 522-530. – doi: 10.1080/07481187.2013.879754.
- Bulut, M. (2018) Changes in Traditional Funeral Rites in Dikili Town Villages // Folklor/Edebiyat. – Vol. 93. – No. 1. – P. 123-138. – doi: 10.22559/folkloredebiyat.2017.73.
- Burtscher, A. (2011) The Semantics of Death and Funeral Rites as the Symbolic Legacy of Our Ancestors // Etudes sur la Mort. – Vol. 140. – No. 2. – P. 41-54. – doi: 10.3917/eslm.140.0041.
- Green, J. (1989a) Death with Dignity: Islam // Nursing times. – Vol. 85. – No. 5. – P. 56-57.
- Green, J. (1989b) Death with Dignity. Hinduism // Nursing times. – Vol. 85. – No. 5. – P. 50-51.
- Green, J. (1989c) Death with Dignity: Judaism // Nursing times. – Vol. 85. – No. 8. – P. 64-65.
- Green, J. (1989d) Death with Dignity: Buddhism // Nursing times. – Vol. 85. – No. 9. – P. 40-41.
- Green, J. (1989e) Death with Dignity: Baha'i Faith // Nursing times. – Vol. 85. – No. 10. – P. 50-51.
- Green, J. (1989f) Death with Dignity: Funerals Abroad // Nursing times. – Vol. 85. – No. 11. – P. 63.
- Green, J. (1992a) Death with Dignity – the Mormon Church // Nursing times. – Vol. 88. – No. 6. – P. 44-45.
- Green, J. (1992b) Death with Dignity. The Afro-Caribbean Community // Nursing times. – Vol. 88. – No. 8. – P. 50-51.
- Green, J. (1992c) Death with Dignity. Rastafarianism // Nursing times. – Vol. 88. – No. 9. – P. 56-57.
- Gucheva, A.V., Guliyeva, F.K. (2017) The Structure and the Music of the Circassian (Adyghe) Funeral Rite «Psyheg'e» («Lamentation under Water») // Music Scholarship. – No. 1. – P. 20-26. – doi: 10.17674/1997-0854.2017.1.020-026.
- Ikwemesi, C.K., Onwuegbuna, I.E. (2018) Creativity in Calamity: Igbo Funeral as Interface of Visuality and Performance // Continuum. – Vol. 32. – No. 2. – P. 184-200. – doi: 10.1080/10304312.2017.1391176.
- Imanaka, T. (2015) Human Relationships Among the Hui in Funeral Rites: The Case of Xi'an Huajuexiang Qingzhendasi's Funeral Rites // Sokendai Review of Cultural and Social Studies. Vol. 11. – P. 25-45.
- Mauro, C. (2013) The Complex Motivational Dynamics Behind Becoming a Thanatopractitioner // Etudes sur la Mort. – Vol. 143. No. 1. – P. 133-143. – doi: 10.3917/eslm.143.00133.
- Mustafina, Z.D., Borbassova, K.M., Maden, A.T., Beknazarov, R.A., Simukanova, G.S. (2019). Religious and symbolic meaning of kazakh popular beliefs and taboos // European Journal of Science and Theology. – Vol. 156. – No. 6. – P. 107-116.

Omelka, M., Řebounová, O. (2017) The State and Perspectives of Research into Modern-Age Funeral Rites in Bohemia // *Archaeologia Historica*. – Vol. 42. – No. 1. – P. 117-133. – doi: 10.5817/AH2017-1-6.

Sagandykova, A.B., Assylbekova, Z.M., Sailan, B.S., Bedelova, G.S., Tuleshova, U.Z. (2016) The Ancient Turkic Model of Death Mythology // *Social Sciences*. – Vol. 11. – No. 9. – P. 2273-2284.

Spelman, E.V. (2018) Good grief, it's Plato! In: *Feminists Rethink the Self* // Edited by D.T. Meyers. – London: Taylor and Francis, 278 p. – doi: 10.4324/9780429500466.

References

Budge, E.A.W. (2010). *Egipetskaja kniga mertvyh* [Egyptian Book of the Dead]. Translation from English K. Korsakov. St. Petersburg: Azbuka, 523 p.

Bisembaev, A.A. (2010) Aktobe oblysy territorijasynan tabylgan Altyn Orda uakytynyn jelitalyk zherleuleri [Elite Tombs of the Times of Golden Horde in the Territory of Aktobe Region]. *Otan Tarihi*, 4. P. 130-142.

Ibabbullaeva, Z.O. (2010) Zhanakorgan zhane Turkistan onirinin zherleu rasimderi [Funeral Rites of the Zhanakorgan and Turkistan Region]. *Otan Tarihi*, 4. P. 171-178.

Kaliyev, B.A., Malibekov, M.M. (2013) «Zherleu dasturi» terminin definicijalau maselesi [Problems with Defining the Terminology «Traditions of Burials»]. Electronic resource, Access mode <https://e-history.kz/kz/contents/view/1619>.

Klepikov, V.M. (2019) Sarmatskie pogrebenija mogil'nika Kovalevka: chuzhie sredi svoih? [Sarmatian Burials of the Kovalevka Burial Mound: Strangers Among Friends?] *Science Journal of Volgograd State University. Series 4. History. Area Studies. International Relations*, Vol. 24, no. 1. P. 35-46. doi: 10.15688/jvolsu4.2019.1.3.

Kalysh, A.B. (2012) Aktobe oblysy kazahtaryndagy zherleu zhane eske alu adet-guryptyary [Funeral and Memorial Rites of the Kazakhs of the Aktobe Region]. *Bulletin of the Makhambet Utemisov West Kazakhstan State University*, Vol. 1, no. 45. P. 29-34.

Skripkin, A.S. (2019) Kochevoj mir Juga Vostochnoj Evropy vo II–I vv. do n. je. (vostochnye innovacii, fakty, prichiny, posledstvija) [The Nomadic World of the South of Eastern Europe in the 2nd – 1st Centuries BC (Eastern Innovations, Facts, Causes and Consequences)]. *Science Journal of Volgograd State University. Series 4. History. Area Studies. International Relations*, Vol. 24, no. 1. P. 20-34. doi: 10.15688/jvolsu4.2019.1.2.

Thodol, B. (2016). *Tibetskaja «Kniga Mertvyh»* [The Tibetan Book of the Dead]. M.: Eksmo, 384 p.

Adams, K.M. (2015) Families, Funerals and Facebook: Reimag(in)ing and «Curating» Toraja Kin in Trans-Local Times. *TRaNS: Trans-Regional and -National Studies of Southeast Asia*, Vol. 3, no. 2. P. 239-266. doi: 10.1017/trn.2014.25.

Antolín, J.C.D. (2018) Inverse Funeral Rite. Therapy and Values. *Cultura de los Cuidados*, Vol. 22, no. 51. P. 88-95. doi: 10.14198/cuid.2018.51.10.

Bacqué, M.-F. (2002) Vers une Mondialisation des Rites Funéraires? *Etudes sur la Mort*, Vol. 121, no. 1. P. 85-95. doi: 10.3917/eslm.121.0085.

Bacqué, M.-F. (2006) Du Cadavre Traumatogene au Corps Mort Symboligene. *Etudes sur la Mort*, Vol. 129, no. 1. P. 59-68. doi: 10.3917/eslm.129.0059.

Bacqué, M.-F. (2013) Speaking from Bereavement Instead of Speaking from Death? Western Societies in Front of Demographic and Cultural Changes of the 21st Century. *Annales Medico-Psychologiques*, Vol. 171, no. 3. P. 176-181. doi: 10.1016/j.amp.2013.02.001.

Baeten, J., Deforce, K., Challe, S., De Vos, D., Degryse, P. (2014) Holy Smoke in Medieval Funerary Rites: Chemical Fingerprints of Frankincense in Southern Belgian Incense Burners. *PLoS ONE*, Vol. 9, no. 11. e113142. doi: 10.1371/journal.pone.0113142.

Bahamonde, P.R. (2016) The Mapuche Funeral Rite of Descanso (Repose): From the Ontological Change to the Tree of Ancestors. *Chungara*, Vol. 48, no. 4. P. 657-678. doi: 10.4067/S0717-73562016005000023.

Batashev, M.S., Makarov, N.P. (2018) Culture Genesis of the Peoples of the North of the Yenisei. Interaction of Cultures (on the Basis of the Materials of Krasnoyarsk Regional Local Lore Museum). *Journal of Siberian Federal University – Humanities and Social Sciences*, Vol. 11, no. 1. P. 4-18. doi: 10.17516/1997-1370-0176.

Black, H.K., Santanello, H.R., Rubinstein, R.L. (2014) A Pragmatic Belief System in Family Meaning-Making After Death. *Death Studies*, Vol. 38, no. 8. P. 522-530. doi: 10.1080/07481187.2013.879754.

Bulut, M. (2018) Changes in Traditional Funeral Rites in Dikili Town Villages. *Folklor/Edebiyat*, Vol. 93, no. 1. P. 123-138. doi: 10.22559/folkloredebiyat.2017.73.

Burtscher, A. (2011) The Semantics of Death and Funeral Rites as the Symbolic Legacy of Our Ancestors. *Etudes sur la Mort*, Vol. 140, no. 2. P. 41-54. doi: 10.3917/eslm.140.0041.

Green, J. (1989a) Death with Dignity: Islam. *Nursing times*, Vol. 85, no. 5. P. 56-57.

Green, J. (1989b) Death with Dignity: Hinduism. *Nursing times*, Vol. 85, no. 5. P. 50-51.

Green, J. (1989c) Death with Dignity: Judaism. *Nursing times*, Vol. 85, no. 8. P. 64-65.

Green, J. (1989d) Death with Dignity: Buddhism. *Nursing times*, Vol. 85, no. 9. P. 40-41.

Green, J. (1989e) Death with Dignity: Baha'i Faith. *Nursing times*, Vol. 85, no. 10. P. 50-51.

Green, J. (1989f) Death with Dignity: Funerals Abroad. *Nursing times*, Vol. 85, no. 11. P. 63.

Green, J. (1992a) Death with Dignity – the Mormon Church. *Nursing times*, Vol. 88, no. 6. P. 44-45.

Green, J. (1992b) Death with Dignity. The Afro-Caribbean Community. *Nursing times*, Vol. 88, no. 8. P. 50-51.

Green, J. (1992c) Death with Dignity. Rastafarianism. *Nursing times*, Vol. 88, no. 9. P. 56-57.

Gucheva, A.V., Guliyeva, F.K. (2017) The Structure and the Music of the Circassian (Adyghes) Funeral Rite «Psyheg'e» («Lamentation under Water»). *Music Scholarship*, no. 1. P. 20-26. doi: 10.17674/1997-0854.2017.1.020-026.

Ikwemesi, C.K., Onwuegbuna, I.E. (2018) Creativity in Calamity: Igbo Funeral as Interface of Visuality and Performance. *Continuum*, Vol. 32, no. 2. P. 184-200. doi: 10.1080/10304312.2017.1391176.

Imanaka, T. (2015) Human Relationships Among the Hui in Funeral Rites: The Case of Xi'an Huajuexiang Qingzhendasi's Funeral Rites. *Sokendai Review of Cultural and Social Studies*, Vol. 11. P. 25-45.

Mauro, C. (2013) The Complex Motivational Dynamics Behind Becoming a Thanatopractitioner. *Etudes sur la Mort*, Vol. 143, no. 1. P. 133-143. doi: 10.3917/eslm.143.00133.

Mustafina, Z.D., Borbassova, K.M., Maden, A.T., Beknazarov, R.A., Simukanova, G.S. (2019). Religious and symbolic meaning of kazakh popular beliefs and taboos. *European Journal of Science and Theology*, Vol. 156 no. 6. P. 107-116.

Omelka, M., Řebounová, O. (2017) The State and Perspectives of Research into Modern-Age Funeral Rites in Bohemia. *Archaeologia Historica*, Vol. 42, no. 1. P. 117-133. doi: 10.5817/AH2017-1-6.

Sagandykova, A.B., Assylbekova, Z.M., Sailan, B.S., Bedelova, G.S., Tuleshova, U.Z. (2016) The Ancient Turkic Model of Death Mythology. *Social Sciences*, Vol. 11, no. 9. P. 2273-2284.

Spelman, E.V. (2018) Good grief, it's Plato! In: *Feminists Rethink the Self*. Edited by D.T. Meyers. London: Taylor and Francis, 278 p. doi: 10.4324/9780429500466.